

## 1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2700 заң күші бар жарлығы.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес осы Жарлықты шығарамын.

**1-бап.** 1996 жылға арналған республикалық бюджет: қолданылып жүрген бюджеттік сынаптама бойынша 1-қосымшаға сәйкес кірістері бойынша - 149646054 мың теңге, шығыстары бойынша - 193597186 мың теңге, тапшылықтың шекті мөлшері - 43951132 мың теңге сомасында бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылдың ішінде жаңа бюджеттік сынаптама бойынша республикалық бюджетті 2-қосымшаға сәйкес атқару кезең-кезеңмен көшуді жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- жаңа бюджеттік сынаптамаға көшу ретіне қарай республикалық бюджеттік кіріс бөлігін ведомстволық сынаптама бойынша республикалық бюджеттің кірісінің ерекшеліктерін және шығыс бөлігін ескере отырып бекітсін;

- осы Жарлықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес сомалар шегіне республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарын арнап бөлуді жүзеге асырсын.

**2-бап.** Осы Жарлық қолданылатын кезеңде Қазақ КСР-інің 1991 жылғы 17 маусымдағы "Ең төменгі тұтыну бюджеті туралы" (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 25, 324-құжат, 325-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 8, 140-құжат) және Қазақ КСР-інің 1991 жылғы 17 маусымдағы "Ең төменгі жалақы және еңбекақы төлеу саласындағы мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктер туралы" (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 25, 326-құжат, 327-құжат) Заңдарының күші сондай-ақ Қазақ КСР-і мен Қазақстан Республикасы заң актілерінің, Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарының осы Жарлыққа "ең төменгі жалақы" ұғымын пайдалануға қайшы келетін бөлігінде күші тоқтатылады.

Қолданылып жүрген заңдарға тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін мемлекеттік органдар осы Жарлықтың 12-бабының үшінші бөлігін басшылыққа алатын болсын. "Ең төменгі жалақы" ұғымның орнына Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Жарлығының 12-бабында белгіленген "есепті көрсеткіш" ұғымы қолданылсын.

**3-бап.** 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кірістері мыналардың есебінен:

- қосылған құнға салынатын салық;
- акциздер;
- төлем көзінен ұстап қалынатын заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы;
- бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық;
  - бонустар, роялти, тіркелген (ренталық) төлемдерді (жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Үкіметімен жеке контрактылар жасағанға дейін) қосқанда, үстеме пайдаға салық;
- мемлекеттік мүлікті өткізуден алынатын түсімдер, мемлекетке тиесілі акциялар пакеттерінен түсетін дивидендтер және меншіктен алынатын өзге де кірістер;
- экспортталатын және импортталатын тауарларға кеден бажы, кеден рәсімдерінің төлемдері және сыртқы экономикалық қызметтен түсетін өзге де кірістер;
- заңды тұлғалардың Үкімет кепілдігімен алынған және республикалық бюджеттің есебінен өтелген шет ел кредиттері бойынша сыртқы міндеттемелерді орындауына байланысты шығыстарды олардың орнын толтыруы;
- мемлекет импорттаған бірінші қажеттегі тауарларды ішкі нарықта сатудан және тікелей қаржыландыру бойынша берілген кредиттер бойынша қаражатты ұлттық валютамен қайтарудан түскен түсімдер, сондай-ақ зәру импорт бойынша өтелімдер;
- ішкі республикалық есептің нәтижелері бойынша және директивалық кредиттер бойынша берешектің орнын толтыруы;
- бюджетке жалпы республикалық басқа да төлемдер және салықтан тыс әртүрлі түсімдер есебінен қалыптасатын болады деп белгіленсін.

**4-бап.** Республикалық бюджет кірістерінің құрамында мына қорларға аударылатын және түсетін қаражаты болады деп белгіленсін:

- Үкімет бекіткен ставкалар негізінде, өткізілген минералдық шикізат құнына процент есебімен алғанда Республикалық жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұлғайту қоры (жер қойнауын пайдаланушылармен жеке контрактылар жасағанға дейін);
- "Айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы" Қазақ КСР-інің 1991 жылғы 18 маусымдағы Заңында (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 26, 332-құжат) көзделген, айналадағы табиғи ортаны ластағаны үшін төлемдер мен айыппұл санкциялары есебінен Республикалық табиғатты қорғау қоры.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- нақты түсімдердің 75 проценті мөлшерінде Республикалық табиғатты қорғау қорының функцияларын жүзеге асыру жөніндегі;
- Республикалық жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат ресурстарын ұлғайту қорына жиынтықты түсімдердің және осы мақсатқа көзделген шығындар

шегінде ішкі жер қойнауын пайдаланушылармен жеке контрактылар жасалуына қарай роялтидің 70 проценті мөлшерінде геологиялық зерттеулер мен жер қойнауын қорғауға жұмсалатын шығындарды қаржыландыруды жүзеге асырсын.

**5-бап.** Шағын жекешелендіру шеңберінде объектілер сатудан 900000 мың теңге сомасында қаражат түседі деп белгіленсін, содан әрқайсысына 50 проценттен жергілікті және республикалық бюджеттердің кірістеріне есептелсін.

Жаппай жекешелендіруден 2500000 мың теңге сомасында және жеке жобалар бойынша жекешелендіруден 11600000 мың теңге сомасында қаражат түсірілуі, сондай-ақ мемлекетке тиесілі акциялар пакеттерінен 2800000 мың теңге сомасында дивидендтер түсірілуі көзделсін.

**6-бап.** Республикалық бюджеттің кірістерінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің депозиттерін екінші деңгейдегі банктерде орналастырудан түсетін түсім - 824300 мың теңге болып белгіленсін.

**ЕСКЕРТУ.** 6-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 60-І Заңымен.

**7-бап.** Қазақстан Республикасының Үкіметіне кірістерді ұзақ мерзімді тұрақты нормативтер негізінде республикалық және жергілікті бюджеттердің арасында бөлуге біртіндеп көшуді жүзеге асыру тапсырылсын.

Осы мақсатпен 1996 жылға жалпымемлекеттік салықтардан облыстар мен Алматы қаласының бюджеттеріне аударылатын түсімдердің жалпы сомасын бөлу мынадай мөлшерде белгіленсін:

а) заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша:

Алматы қаласы мен Маңғыстау облысына - 20 проценттен, қалған облыстарға - 40 проценттен;

б) акциздер бойынша:

Алматы қаласы мен Павлодар облысына - 20 проценттен, қалған облыстарға - 100 проценттен;

в) қосылған құнға салынатын салық бойынша:

Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған, Торғай және Оңтүстік Қазақстан облыстарына - 100 проценттен, Ақмола облысына - 70 проценттен, Қарағанды және Қостанай облыстарына - 50 проценттен, Ақтөбе және Жезқазған облыстарына - 20 проценттен, Атырау, Маңғыстау, Павлодар облыстарына және Алматы қаласына - 10 проценттен;

г) төлем көзінен ұстап қалынатын жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша:

Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Семей, Талдықорған, Торғай, Оңтүстік Қазақстан облыстарына - 100 проценттен, Қарағанды облысына - 85,9, Ақтөбе облысына - 79,6, Жезқазған

облысына - 66,2, Қостанай облысына - 65,2, Ақмола облысына - 63,7, Павлодар облысына - 62, Маңғыстау облысына - 36, Алматы қаласына - 31,5 процент және Атырау облысына - 10,1 процент.

**8-бап.** 1996 жылы облыстардың бюджеттеріне 20018054 мың теңге сомасында субвенция бөлінсін, соның ішінде:

(мың теңге)

Алматы - 2971028

Шығыс Қазақстан - 185414

Жамбыл - 2060584

Батыс Қазақстан - 1034859

Қызылорда, Төретам және Ақай  
пос. қосқанда - 3961832

Көкшетау - 1370055

Солтүстік Қазақстан - 915921

Семей - 1892027

Талдықорған - 2563054

Торғай - 1105497

Оңтүстік Қазақстан - 1957783

**9-бап.** "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар N 2235 Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-күжат) көзделген жергілікті салықтар мен алымдар, сондай-ақ мынадай төлемдер: кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы, мемлекеттік мүлікті жалға беруден алынатын табыстар, орманды пайдаланғаны үшін төлем, су үшін төлем, мемлекеттік баж, айыппұл мен санкциялар бойынша түсімдер, республикалық бюджетке есептелетіннен басқа өзге де салықтан тыс түсімдер жергілікті бюджеттердің кірісіне толық есептелетін болып белгіленсін.

**10-бап.** 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға аударым тарифі барлық заңды тұлғалар үшін (шет ел қатысатын заңды тұлғалар мен Қазақстан Республикасы азаматтарының жалақы қорына қатысты бөлігінде шетелдік заңды тұлғалардың өкілдіктерін қосқанда) еңбекақы қорының 30 проценті мөлшерінде белгіленсін. Қазақстан Республикасы Мүгедектерінің ерікті қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын әрі солардың қаражаты есебінен құрылған, бұларда мүгедектер жалпы қызметкерлер санының кемінде 50 процентін құрайтын өндірістік және оқу-өндірістік ұйымдары, Республикалық "Ардагер" зейнеткерлер кәсіпорындарының бірлестігі, сондай-ақ осы бірлестіктің меншігі болып табылатын және соның қаражаты есебінен құрылған, зейнеткерлер ғана жұмыс істейтін өндірістік және оқу-өндірістік ұйымдары,

Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің Қазақ Республикалық ұйымының (өндірістік ұйымдарсыз), Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамының Республикалық кәсіпорындар бірлестігі, адвокаттар алқалары, шаруалар (фермерлер) қожалықтары, заңды тұлға құрмай-ақ шаруашылық ісімен айналысушы адамдар үшін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға аударым тарифі 5 процент мөлшерінде белгіленсін.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға аударымның жалпы сомасы мынадай нормативтер бойынша бөлінеді: Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына - 85 процент, Міндетті медициналық сақтандыру қорына - 10 процент және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына - 5 процент.

Көрсетілген қаражатты сақтандыру төлемдерімен Міндетті медициналық сақтандыру қорының облыстық және Алматы қалалық бөлімшелеріне беру үшін облыстар мен Алматы қаласы бюджеттерінің құрамында 12104013 мың теңге сомасындағы қаражат көзделгені ескерілсін.

**11-бап.** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды тұлғалардың (шет ел қатысатын заңды тұлғаларды және Қазақстан Республикасы азаматтарының жалақы қорына қатысты бөлігінде шетелдік заңды тұлғалар өкілдіктерін қосқанда) міндетті төлемдерінің есебінен еңбекақы қорының 2 проценті мөлшерінде белгіленсін.

Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын ұйымдар, Қазақстан Республикасы Мүгедектерінің ерікті қоғамының, Қазақ саңыраулар қоғамының, Қазақ зағиптар қоғамының ұйымдары, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және солардың қаражаты есебінен құрылған, мүгедектер жалпы қызметкерлер санының кемінде 50 процентін құрайтын өндірістік және оқу-өндірістік ұйымдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына жарна төлеуден босатылсын.

Қоныс аудару шаралары жөніндегі шығындарды жыл сайын белгіленетін иммиграция квотасы бойынша қаржыландыру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

**12-бап.** Бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің тұрмыс деңгейін арттыру мақсатында 1996 жылы бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы бір жылға шаққанда орта есеппен екі есе арттырылсын.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін әлеуметтік саланың бюджеттік ұйымдары қызметкерлерінің еңбек ақы төлеу жүйесін жасап, бекітетін болсын.

1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақыларды, жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарға сәйкес айыппұл санкцияларын қолдану, салық және басқа да төлемдер үшін есепті көрсеткіш ай сайынғы есеппен алғанда мынадай мөлшерде белгіленсін:

- I тоқсан - 320 теңге;
- II тоқсан - 380 теңге;
- III тоқсан - 460 теңге;
- IV тоқсан - 530 теңге.

Бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында және еңбекке ақы төлеу шарттарының өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылдың 1 тоқсанында бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың жүйесін оңтайландыруды, олардың қызметінің нормалары мен жағдайларын ұтымды етуді аяқтасын.

**13-бап.** 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап балалы отбасыларына берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері оларды тағайындау мен төлеудің қолданылып жүрген тәртібі сақталып, есепті көрсеткіштердің процентімен алғанда былайша белгіленсін:

- балалардың жасына қарай берілетін біржолғы жәрдемақылар: 3 жасқа дейін - 125 процент, 3 жастан 18 жасқа дейін - 130 процент;

- жалғыздікті аналарға балаларына берілетін жәрдемақы, сондай-ақ олардың алимент төлеуден жалтарып жүрген ата-аналарын іздестіру кезеңінде кәмелетке толмаған балаларға берілетін жәрдемақы;

- 3 жасқа дейін - 100 процент, 3 жастан 18 жасқа дейін - 115 процент;

- мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің балаларына берілетін жәрдемақы - 130 процент;

- адамның қорғаныш тапшылығы вирусы жұқтырылған немесе ЖҚТБ-мен ауыратын балаларға берілетін жәрдемақы - 130 процент;

- төрт және одан да көп 7 жасқа дейінгі балалары бар жұмыс істемейтін аналарға берілетін жәрдемақы - 100 процент.

Тәрбиеленетін және үйде оқытылатын мүгедек балаларға жәрдемақы тоқсан сайын мынадай сомада: бірінші тоқсанда - 2200 теңге, екінші тоқсанда - 2800 теңге, үшінші тоқсанда - 3300 теңге және төртінші тоқсанда - 3800 теңге төленетіні еске алынсын.

Бала туғанда есепті көрсеткіштің 400 проценті мөлшерінде берілетін біржолғы жәрдемақыны төлеу Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Өлген адамды жерлеу үшін есепті көрсеткіштің 960 проценті мөлшерінде берілетін біржолғы жәрдемақыны төлеу зейнеткерлерге Зейнетақы қорының қаражаты есебінен, жұмыс істейтін азаматтарға - Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының есебінен жүргізіледі.

**14-бап.** Білім беруді қаржыландыру қаражатын 1996 жылғы 1

қыркүйектен бастап республиканың мемлекеттік жоғары оқу орындарына студенттер қабылдау жоспары 20 процент, арнаулы орта оқу орындарына - 30 процент,

кәсіптік-техникалық училищелерге - 25 процент қысқартылатынын және оларды оқыту шарттық негізге көшірілетінін ескере отырып бөлу көзделсін.

**15-бап.** Өндірістен қол үзіп оқитын аспиранттарға берілетін стипендиялар мынадай мөлшерде белгіленсін:

1996 жылдың 1 қаңтарынан - 2400 теңге;

1996 жылдың 1 сәуірінен - 2550 теңге;

1996 жылдың 1 шілдесінен - 2700 теңге;

1996 жылдың 1 қазанынан - 2990 теңге.

Мемлекеттік жоғары оқу орындарының оқу үлгеріп оқитын студенттеріне берілетін стипендиялар мынадай мөлшерде белгіленсін:

1996 жылдың 1 қаңтарынан - 960 теңге;

1996 жылдың 1 сәуірінен - 1050 теңге;

1996 жылдың 1 шілдесінен - 1080 теңге;

1996 жылдың 1 қазанынан - 1150 теңге.

Оқу мерзімі 10 айға дейінгі кәсіптік-техникалық училищелердің және арнаулы орта оқу орындарының оқушыларына стипендиялар мемлекеттік жоғары оқу орындары студенттері стипендияларының мөлшерінің 80 проценті көлемінде белгіленеді.

**16-бап.** Республиканың мемлекеттік жоғары және арнаулы орта оқу орындарының басқа жақтан келіп оқитын күндізгі бөлімінің студенттері мен оқушылары, мемлекеттік жоғары оқу орындарының даярлық бөлімшелерінің тыңдаушылары үшін 1996 жылы демалыс уақытында мемлекеттік темір жол, су және автомобиль көліктерінде (екі жаққа бірдей жылына екі рет) жеңілдікпен жүру тиісті бюджеттер қаражаты есебінен билет құнының 50 проценті мөлшерінде сақталсын.

**17-бап.** Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің арасындағы Займ туралы 1995 жылғы 12 маусымдағы Келісімнің Әлеуметтік қорғау жобасы бойынша шараларды бірлесе қаржыландыруға Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстары бюджеттерінің құрамында тиісінше 14719 мың теңге және 11909 мың теңге сомасында қаржы көзделсін.

**18-бап.** Республикалық бюджетте ауыл шаруашылығында шағын және орта бизнесті қолдауға және дамытуға 3500000 мың теңге сомасында қаржы көзделсін.

Республикалық бюджетте мониторинг енгізу мен шағын және орта бизнестің инфрақұрылымын құруға 50000 мың теңге сомасында қаржы көзделсін.

Мемлекеттің сыртқы кредиттер займдары есебінен жүзеге асырылатын инфрақұрылымдық жобаларды 752600 мың теңге сомасында бірлесе қаржыландыруға қатысуы белгіленсін.

**19-бап.** Лизинг негізінде ауыл шаруашылығын техникамен қайта жарақтандыруға республикалық бюджеттің шығыстары құрамында 600000 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

**20-бап.** Республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің 3574040 мың теңге сомасында, соның ішінде төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін 1857520 мың теңге сомасында резерв қоры бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне азаматтық қорғаныс жөніндегі шараларды қаржыландыруға 464380 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

**21-бап.** "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 35, 405-құжат) бойынша шараларды жүзеге асыруға республикалық бюджетте 2414776 мың теңге сомасында, соның ішінде мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін қаражат есебінен жарғылық қорды және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тұрғын үй құрылыс банкінің кредит ресурстарын қалыптастыруға 10 процент мөлшерде қаражат көзделсін.

Мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін қаражатты осы мақсатқа аудару олардың бюджетке нақты келіп түсуіне қарай жүзеге асырылсын.

**22-бап.** Бюджетте банкінің қызмет етуіне берілетін ұйымдарға санация жүргізуге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Медетші банкіне кредит ресурстарын бөлуге 6000000 мың теңге сомасында қаржы көзделсін.

**23-бап.** Отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын ұйымдардың қажеті үшін мемлекеттің өнімдер сатып алу жүйесін жасайтын болсын.

**24-бап.** Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық жүйесі құрылып, бюджетті атқару жөніндегі функциялар оған тапсырылғанға дейін осы Жарлықпен және Мәслихаттар қаулыларымен белгілеген нормативтер бойынша тиісті бюджеттердің шоттарына кірістерінің бөлінуін қамтамасыз етсін.

**25-бап.** Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- аса тиімді инвестициялық жобаларды кредиттеу үшін Қазақстан Республикасының Экспорт-импорт банкіне 3643800 мың теңге сомасында кредит берсін;

- объектілер құрылысын қаржыландыруға қайтарымсыз негізде 1000000 теңге бөлсін.

**26-бап.** 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің тапшылығын өтеу көздері мыналар болып белгіленсін:

- 28451132 мың теңге сомасында сыртқы займдар бойынша түсетін түсімдер, соның ішінде халықаралық жеке капитал нарықтарында синдицияланған займды орналастыру есебінен 5700000 мың теңге сомасында;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 7500000 мың теңге сомасында кредиттері, олардың 35 проценті мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді сатып алу түрінде қарызға алынады;



- 8000000 мың теңге сомасында мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін, жинақ облигацияларын және басқа да мемлекеттік бағалы қағаздарды, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздарын қоспағанда, сатудан түсетін кірістер

**27-бап.** Республикалық бюджетте:

- 3092500 мың теңге сомасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік ішкі қарызына қызмет көрсету жөніндегі және 1996 жылғы республикалық бюджеттің 1067000 мың теңге сомасындағы тапшылығына бөлінетін кредит жөніндегі проценттерді;

**ЕСКЕРТУ.** 27-баптың 2-абзацы алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 60-І Заңымен.

**28-бап.** 1996 жылғы мемлекеттік ішкі қарызға және республикалық бюджет тапшылығына алынған несиелерге қызмет көрсету нөлдік ставка бойынша жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

**ЕСКЕРТУ.** 28-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 60-І Заңымен.

**29-бап.** Мемлекеттік резервтен алынатын және әскери мүлікті қысқартуға жататын материалдық құндылықтар ұйымдарға оларды өткізу сәтіндегі нарықтық бағалар бойынша белгіленетін ақыға босатылып, түскен табыс республикалық бюджеттің кірісіне есептеледі деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ведомстволық тиесілігі бойынша алынатын түсімді нысаналы жұмсау тәртібін белгілесін.

**30-бап.** 1995 жылғы республикалық бюджеттің тапшылығына кредит түрінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген 8625000 мың теңге мөлшеріндегі қаражат Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ішкі қарызына жатқызылсын.

Бұдан бұрын белгілеген шекті деңгейді ескере отырып 1996 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша мемлекеттік ішкі қарыздың лимиті 30925000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыртқы қарызының шекті ықтимал мөлшерін белгілесін.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1996 жылдың ішінде 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің тапшылығына сыртқы қарыз алу көздерінің кем келіп түскен қаражатының сомасына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің беретін қосымша кредиті есебінен мемлекеттік сыртқы қарызды өтеу құқығы берілсін.

**31-бап.** Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, республикалық бюджет бойынша есебінен ұсталатын басқа да мемлекеттік органдар бойынша республикалық бюджет шығыстары ұлғайтылсын, сондай-ақ облыстар мен Алматы қаласының бюджеттеріне 17159500 млн. теңге сомасында қаржы бөлінсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы қаржыны атаулы бөлуді жүзеге асырсын.

**ЕСКЕРТУ. Жарлық 31-баппен толықтырылды, 31-бап 32-бап болып саналды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 60-I Заңымен .**

**32-бап. Осы Жарлық 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.**

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің

1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заң күші

бар N 2700 Жарлығына

N 1-қосымша

**ЕСКЕРТУ. 1-қосымша өзгертілді және 14-жолмен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1996.12.31. N 60-I Заңымен.**

**Қазақстан Республикасының 1996 жылға арналған республикалық бюджеті (қолданылып жүрген сыныптама бойынша) Кірістер**

I бөлім: Бюджет бойынша мекемелер мен шаралар (мың теңге)

Жалпы мемлекеттік салықтар

1. Занды тұлғалардан алынатын табыс салығы 22693880

2. Қосылған құнға салынатын салық 19820668

3. Акциздер 4009390

4. Бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық 524900

5. Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін үстеме пайдаға салынатын салық 3606090

6. Жеке тұлғалардың төлем көзінен алынатын табыс салығы 9102731

Жалпы мемлекеттік салықтар жиынтығы 59757659

Алымдар мен салыққа жатпайтын кірістер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінен және екінші деңгейдегі банктерден бюджет кірісіне түсімдер, барлығы: 824300

соның ішінде:

- ағымдағы жылдың пайдасынан 0

- Үкіметтің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен екінші деңгейдегі банктердегі депозиттері үшін кірістен 824300

2. Бюджет шығыстарының орнын толтыру, барлығы: 8907741

а) өз айналым қаражатының жетіспеушілігіне процентімен бюджет несиелері мен кредиттерінен 1407741

ә) Қазақстан Республикасының Медетші банкінен алған кредиттен 3500000

б) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен әкімдердің кепілдігіне берілген директивалық кредиттер бойынша борыштардан 3000000

в) ішкі республикалық есеп нәтижелері бойынша сомадан 1000000

3. Алымдар және салыққа жатпайтын түрлі кірістер, барлығы: 21931900

соның ішінде:

а) "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін алынатын жалдау ақысы 8165000

ә) өзге түсімдер 13766900

4. Астық сатудан алынатын қаражаттың түсуі 6000000

5. Жерге берілген құқықты сатудан түсетін кірістер 173200

6. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түсетін түсімдер 14550000

7. Мемлекетке тиесілі акциялардың пакеттеріне дивидендтердің түсімі 2800000

Алымдар мен салыққа жатпайтын кірістер жиынтығы: 55187141

**I бөлім бойынша кірістер жиынтығы: 114944800**

**II бөлім: мақсатты қаржыландыру қорлары**

Жер қойнауын қорғау мен минералдық шикізат базасын қалпына келтірудің республикалық қоры 4570000

Республикалық табиғатты қорғау қоры 150545

**II бөлім бойынша кірістер жиынтығы: 4720545**

**III бөлім: Сыртқы экономикалық қызмет**

1. Кеден бажы:

а) экспортталатын тауарлар үшін 15149000

ә) импортталатын тауарлар үшін 4168000

2. Кеден рәсімдері 1072029
3. Роялти мен бонустардан алынатын түсімдер 5320000
4. Ішкі рынокта бірінші қажетті импорттық тауарларды сатудан алынатын түсімдер 298200
5. Тікелей қаржыландыру бойынша қаражаттың ұлттық валютамен қайтарылуы 199510
6. Ұйымдардың шетел валютасымен олардың сыртқы міндеттемелерін өтеуге байланысты бюджет шығыстарының орнын толтыруы 744151
7. Ұйымдардың Үкіметтің кепілдіктері бойынша бюджет шығыстарының орнын толтыруы 1515495
8. Консулдық қызмет көрсетілгені үшін алымдар 497000
9. Әлеуметтік қорғау жөніндегі займ қаржыларының бюджет кірісіне өтеуі 17324
10. Өзгелері 1000000

**ІІІ бөлім бойынша кірістер жиынтығы: 29980709**

**Республикалық бюджет бойынша барлық кірістер: 149646054**

### **Шығыстар**

#### **I бөлім. Бюджет бойынша мекемелер мен шаралар**

1. Экономиканы қаржыландыру, барлығы 31651717 соның ішінде:

#### **Өнеркәсіп кешені**

Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі  
- қалпына келтірілетін энергия көздеріне 20000

Өнеркәсіп және сауда министрлігі

- Мырғалымсай кен орнының су төкпесіне 374094

Өнеркәсіп кешені бойынша жиынтығы: 394094

#### **Құрылыс кешені**

Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі -

жобалауға 50000

Құрылыс кешені бойынша жиынтығы: 50000

#### **Агроөнеркәсіп кешені**

Су ресурстары жөніндегі комитет операциялық шығыстарға 244576

Қазақ ауыл шаруашылық академиясы, барлығы 6520 соның ішінде помологиялық бау-бақшаға 4576

Ауыл шаруашылық министрлігі, барлығы 10065066

соның ішінде:

- операциялық шығыстар 2385066
  - ауыл шаруашылығында шағын және орташа бизнесті дамытуға 3500000
  - лизингтік негізде техника сатып алуға 600000
  - Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры 3580000
- Қазақстан Республикасының жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, операциялық шығыстарға 376740
- Агроөнеркәсіптік кешен бойынша жиынтығы: 10692902

### **Көлік кешені және байланыс**

Көлік және коммуникациялар министрлігі, барлығы 113560  
соның ішінде:

- операциялық шығыстар (жол шаруашылығы, кеме жүретін шлюздер және кеме қатынасы қауіпсіздігі инспекциясын ұстауға) 62069
  - фельдьегерлік қызметті ұстауға 51491
- "Қазақстан жолдары" акционерлік қоғамы (селден қорғау шаралары бойынша) 62555

Көлік және байланыс бойынша жиынтығы: 176115

### **Әлеуметтік кешен**

1. Жеңілдіктер төлемдері бойынша шығыстар,  
барлығы 1112195

соның ішінде:

- жүріп-тұру және байланыс қызметі жөнінде жеңілдіктер беруге, барлығы 1112195
- мүгедек балаларға 30160
- бірінші және екінші топтардағы мүгедектерге 240178
- Қазақстан Республикасына ерекше еңбек сіңіргені үшін зейнетақы алатын азаматтарға 51141
- Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 790716

2. Жаңа тұрғын үй саясатын жүзеге асыруға,  
барлығы 2414776

3. Әлеуметтік кешен бойынша өзге де шараларға

а) Мәдениет министрлігі ("Қазақкино" кино компаниясы), барлығы 97067

соның ішінде:

- селолық киножүйесі мен кинопрокат ұйымдарының

шығындарын өтеуге 37337

- ұлттық, көркем, хроникалды-деректі, балалар фильмдері мен мультипликациялық фильмдер шығаруға 54730

- Киноның 100 жылдық мерекесі шараларына 5000

ә) Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі 10800

б) Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттік 933065

в) Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі, күрделі жөндеуге 67799

Әлеуметтік кешен бойынша жиынтығы: 4635702

Кешенге кірмейтіндер

Экология және биоресурстар министрлігі

(операциялық шығыстар) 155680

Орман шаруашылығы комитеті (операциялық шығыстар) 622720

Геодезия және картография бас басқармасы 85000

Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитет, барлығы 1254437

соның ішінде:

- операциялық шығыстар 110637

Адамдарды суға кетуден құтқару шараларына жұмсалатын шығындар 821

Қазынашылықтың және салық полициясының материалдық базасын нығайтуға жұмсалатын шығыстар 850744

Кеден комитеті 50645

Қазақстан Республикасы Парламентінің материалдық-техникалық базасын дамытуға 30881

Қазақстан Республикасы Президентінің

Іс басқармасы 280200

Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма, операциялық шығыстар 304500

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Экспорт-импорт банкіне берілетін кредит 3643800

Мемлекеттік күрделі қаржылар 1000000

Жекешелендіруді жүзеге асыруға 92876

Қазақстан Республикасы Медетші банкінің

қызметін қаржыландыруға, барлығы 6000000

соның ішінде:

Экономика министрлігі арқылы жүзеге асырылатын конверсия жөніндегі шығыстар 400000

Мемлекеттік статистика комитеті (халық санағы) 28000

Инвестициялық жобаларды бірлесе қаржыландыруға жұмсалатын шығыстар 752600

Мониторингті енгізуге және шағын және орташа бизнестің инфрақұрылымын жасауға шығыстар 50000

Қаржы министрлігінің басқа да шығыстары 500000

Кешендерге кірмейтіндер бойынша жиынтығы: 15702904

2. Әлеуметтік-мәдени шараларды қаржыландыру, барлығы 24318082

соның ішінде:

а) білім беру және кадрларды кәсіптік даярлау 11037060

ә) мәдениет пен өнер 1199319

б) бұқаралық ақпарат құралдары 4729208

в) денсаулық сақтау 5660544

г) дене тәрбиесі 737705

д) әлеуметтік қамсыздандыру, барлығы 954246

соның ішінде:

- әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі мекемелерді ұстауға және өткізілетін шараларға 158519

- Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің санаторий-курорттық емделуіне және оларға материалдық көмекке жұмсалған шығыстардың орнын толтыру 706052

- қоғамдық бірлестіктердің сурдо-тифло техникалық құралдарын сатып алуына 89675

3. Ғылымды қаржыландыру, барлығы 3050000

4. Қорғанысқа жұмсалатын шығыстар, барлығы 17240462

соның ішінде:

- жалпы мақсаттағы Қарулы Күштерге 16830198

- Республикалық ұланға 410264

5. Мемлекеттік органдарды ұстауға жұмсалатын шығыстар, барлығы 4576422

соның ішінде:

- Қазақстан Республикасының Парламенті 572414

- Қазақстан Республикасы Президентінің

әкімшілігі 1005907

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты 136857
- Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі 18500
- облыстық соттар, Алматы қалалық соты 407990
- аудандық соттар 1160814
- әскери соттар 49625
- Қазақстан Республикасының Прокуратурасы 1224315

6. Құқық қорғау органдарын ұстау шығыстары, барлығы 19647650

соның ішінде:

- Ішкі істер министрлігі (Мемлекеттік тергеу комитетін қоса алғанда) 11418300
- Ұлттық қауіпсіздік комитеті 2394190
- Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті 3367000
- Шекара әскерлерінің әскери институты 312300
- Ішкі әскерлер 2143420
- Үкімет жанындағы ақпарат қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссия 12440

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Орталық және жергілікті атқарушы органдарды ұстауға арналған шығыстар 8168340

8. Резервтік қорлар, барлығы 3574040

соның ішінде:

- төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін 1857520
- азаматтық қорғаныс жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін 464380

9. Әртүрлі төлемдер, барлығы 2040000

соның ішінде:

- мемлекет мұқтажы үшін астық сатып алуға арналған қаражат 2000000
- адвокаттар қызметіне ақы төлеу 40000

10. Өзге де шығыстар 2052460

11. Сайлау өткізу шығыстары 102864

12. Мемлекеттік ішкі қарызға қызмет көрсету жөніндегі шығыстар, барлығы 3905250

соның ішінде:

- бюджет тапшылығына берілген кредит үшін



проценттер төлеу 0

- ішкі қарыздар бойынша проценттер төлеу

жөніндегі шығыстар 0

- қазынашылық облигацияларын өтеу жөніндегі шығыстарға 3500000

- қазынашылық облигацияларына қызмет көрсету жөніндегі шығыстар 5250

- қысқа мерзімді қазынашылық вексельдерін өтеуге резерв 400000

13. Мемлекетаралық ұйымдарға қызмет көрсету жөніндегі шығыстар 529958

14. Министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, 17159500 республикалық бюджет қаржылары есебінен ұсталатын басқа да мемлекеттік органдарға, сондай-ақ облыстар мен Алматы қаласының бюджеттеріне қаржы бөлу

Жергілікті бюджеттерге субвенциялар 20018054

**I бөлім бойынша шығыстар жиынтығы: 158034799**

## **II бөлім: Мақсатты қаржыландыру қорлары**

Республикалық минерал-шикізат базасын қалпына келтіру қоры 3200000

Табиғатты қорғау қоры 112908

II бөлім бойынша шығыстар жиынтығы: 3312908

## **III бөлім. Сыртқы экономикалық қызмет**

Елшіліктерді, өкілдіктерді ұстау жөнінде және басқа да мақсаттарға валюта сатып алу, барлығы 24084479 соның ішінде:

1) сыртқы займдар мен міндеттемелерді өтеуге жұмсалатын шығыстар 17546458

2) сыртқы экономикалық қызметке жұмсалатын шығыстар 4230521

соның ішінде:

- халықаралық ұйымдарға жарналар 1278000

- ТМД атқарушы органдарын ұстауға 5396

- жұмыс істейтін және жаңа елшіліктерді ұстауға 2438268

- Орталық Азия ынтымақтастық және даму

банкiнiң жарғы қорына жарна 47357

- "Каспийшельф" мемлекеттік концернiнiң сыртқы қарызды өтеу үшiн уақытша тартылған қаражатын қайтару 355000

- өзге де шығыстар 106500

3) импортталатын тауарларды сараптық бағалаудан өткізгенi үшiн "Сосите Женераль де Сюрвеянс С.А." (СЖС)-ке төленетiн ақы 887500

4) Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң кезек күттiрмейтiн қажеттерiне жұмсалатын шығыстар 1420000  
Мемлекеттік мiндеттемелердi орындауға байланысты шығыстар 8165000

III бөлiм бойынша шығыстар жиынтығы 32249479

Республикалық бюджет бойынша барлық шығыстар: 193597186

Шығыстардың кiрiстерден артуы, (тапшылығы), барлығы - 43951132

соның iшiнде өтеу:

1. Қаржыландырудың сыртқы көздерi есебiнен, барлығы 28451132

соның iшiнде:

1. Сыртқы займ бойынша түсiмдер 29451132

- синдицияланған займдар 5700000

2. Түзету сомасын шегерiп тастағанда, барлығы -1000000

соның iшiнде:

- мемлекеттік сыртқы займды өтеуге -1000000

II. Бағалы қағаздарды сату есебiнен, барлығы 8000000

соның iшiнде:

- халыққа арналған жинақ облигациялары 1000000

- Мемлекеттік қысқа мерзiмдi қазыналық вексельдердi және басқа да бағалы қағаздарды бәсеке сатудан қаржының түсуi 7000000

III. Қаржыландырудың iшкi көздерi есебiнен, барлығы 7500000

соның iшiнде:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң кредит ресурстары есебiнен 7500000

Қазақстан Республикасы Президентiнiң

1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заң күшi

бар N 2700 Жарлығына

## **№ 2 қосымша**

### **Қазақстан Республикасының 1996 жылға арналған республикалық бюджеті**

**(жаңа бюджеттік сынаптама бойынша)**

**(мың теңге)**

Кірістер және алынған ресми трансферттер 149646054

#### **1. Салық түсімдері 90212233**

1. Пайдаға салынатын табыс салығы,  
капиталдың кірісі мен өсімі 31796611

- заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы 22693880

- жеке тұлғалардан төлем көзінен ұсталып  
алынатын табыс салығы 9102731

2. Жеке меншікке салынатын салықтар 524900

- бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға  
салынатын салық 524900

3. Тауарлар мен қызмет көрсетуге салынатын  
ішкі салықтар 37501693

- Қосылған құнға салынатын салық 19820668

- Акциздер 4009390

- Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін  
алынатын түсімдер 8926090

- Кәсіпкерлік және кәсіптік қызметті жүргізуге  
берілетін лицензиялар 25000

- Тауарлар мен қызмет көрсетуге салынатын өзге  
салықтар 4720545

4. Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға  
салынатын салықтар 20389029

- Кеден бажы 19317000

- Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын  
өзге салықтар 1072029

#### **II. Салыққа жатпайтын түсімдер 22201400**

1. Кәсіпкерлік қызмет пен жеке меншіктен  
алынатын кірістер 16150900

- Мемлекеттік қаржыдан тыс және қаржы  
ұйымдарынан алынатын салыққа жатпайтын  
түсімдер 16150900

2. Әкімшілік алымдары мен төлемдері,  
коммерциялық емес және ілеспе сатудан  
алынатын кірістер 2222000

- Әкімшілік алымдары 1859000
- Баж 363000
- 3. Айыппұлдар мен санкциялардан алынатын түсімдер 315000
- 4. Салыққа жатпайтын түсімдер 3513500

**ІІІ. Капиталмен жасалған операциялардан алынатын кірістер 25550000**

- 1. Негізгі капиталды сату 20550000
- 2. Капиталмен жасалған операциялардан алынатын өзге кірістер 5000000

**ІV. Трансферттер 11682421**

**Шығыстар 193597186**

- 1. Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсету 36044005
  - 2. Қорғаныс 15939416
  - 3. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік 20466682
  - 4. Білім беру 11065063
  - 5. Денсаулық сақтау 5693809
  - 6. Әлеуметтік сақтандыру мен қамсыздандыру 6291527
  - 7. Демалысты ұйымдастыру және мәдениет саласындағы қызмет 7762749
  - 8. Отын-энергетика кешені 75540
  - 9. Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы, балық шаруашылығы, аң аулау және табиғат қорғау 12126777
  - 10. Тау-кен өнеркәсібі және отынды қоспағанда, пайдалы қазбалар, өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс 6210039
  - 11. Көлік және байланыс 165486
  - 12. Экономикалық қызметке байланысты өзге де қызмет көрсету 6243991
  - 13. Негізгі топтарға жатқызылмаған шығыстар 65512102
- Бюджет тапшылығының жалпы көлемі -43951132

**Қаржыландыру 43951132**

- 1. Ішкі қаржыландыру 15500000
- 2. Сыртқы қаржыландыру 28451132

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК